

Мақсаты: Оқушының танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдарын қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына логикалық ойлауды қалыптастыру. Аптасына 1 сағат. 3 сынып «Ғажайып математика» Мақсаты: Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру Аптасына 1 сағат. 4 сынып «Сандар сыры» 1 сағат. Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру. «Жаһандық құзыреттіліктер» атты курсына 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, Жаһандық құзыреттіліктер «Зайырлылық және дінтану негіздері» 9 сыныпта 1 сағат жүзеге асырылған. 10-11 сыныптарда Оқушылардың креативті ойлау қабілетін дамыту. Оқушыларға проблемаларды шешуде әртүрлі шығармашылық әдіс-тәсілдерді қолдануды үйрету мақсатында аптасына 1 сағат «Креативті ойлау» курсы оқытылды. 10 сыныпта Мақсаты: Білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуына ҚР Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру. «Алғашқы әскери технологиялық дайындық» курсы оқытылды. 10-11 кластарда жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аптасына 1 сағаттан енгізілген.

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы оқу;

Зерделеу барысында: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдың 02 қыркүйектегі мектеп директорының «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» № 89-н/қ бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. "Назар аударыңыз, балалар" іс-шара, « Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Біздің қала, аудан», «Жол жүру ережелері», «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», «Жол белгілерінің халықаралық тілі» сынып сағаттары, «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы бойынша ауыл учаскелік полициясы, полиция майоры А. Ахметалин оқушылармен кездесулер ұйымдастырылған. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымша 2 тарау 26 тармағына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3 қосымшасы 2 тарау 38 тармағына сәйкес "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды. «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» мектеп директорының 2022 жылғы 02 қыркүйектегі № 92- н/к, 2023 жылғы 01 қыркүйегіндегі №102 бұйрығы негізінде жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. 2024-2025 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте" тақырыптарында ақпараттық сағаттар, "Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты, білім алушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін қалыптастыру, жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу мақсатында 13 қазан күні «Жас қыран» жас жол қозғалысының инспекторлары мен мектеп парламенті 5-8 сынып білім алушыларына ақпараттық –түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мектеп парламенті «Бағдаршам» туралы, "Бала және бағдаршам" атты бейнеролик дайындаған. Ауыл учаскелік полициясы, полиция майоры Ахметалин А. білім алушылармен кездесіп, жолда жүру ережелері бойынша кеңестер беріп, жол белгілерін айыра білудің қаншалықты маңызды екендігін түсіндірген. «Бағдаршам» жас жол қозғалыс инспекторлары білім алушыларға бейне ролик көрсетіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізген, жүргізушілерге үндеу хаттарын таратқан. Мектепшілік «Қауіпсіз жол қозғалысы» тақырыбында мектепшілік суреттер байқауы, 5-7 сыныптар арасында "Біз- жас жол қозғалыс инспекторларымыз", бастауыш сыныптар арасында «Көңілді бағдаршам» сайыстары өткізілген. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар бастауыш сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып, 5-8 сыныптарда электронды журнал « bilimclass.kz жүйесінде ҚББ жазылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;
Зерделеу барысында:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес.

2022-2023 оқу жылын зерделеу барысында жалпы 320,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағаттан, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан, жалпы орта білім беру деңгейіндегі апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 10, 11 сыныптарда аптасына 35 сағаттан аспаған. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылында 320,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 26 сағат, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, 9-сыныпта – 34 сағат, жалпы орта білім беру деңгейіндегі ең жоғары көлемі 10, 11 сыныптарда аптасына 35 сағаттан аспаған. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2024-2025 оқу жылында 320,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі бастауыш білім беруде 26 сағат (2,3 сыныптар біріккен) негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 5-сыныпта 28,5 сағат, 6-сыныпта 28,5 сағат, 7-сыныпта 31,5 сағат, 8-сыныпта 32,5 сағат, 9-сыныпта 34 сағат, 10-11 сыныптарда 35 сағат. (6,7 сыныптар біріккен)

білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2022 -2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2022-2023 оқу жылында оқу аптасы 36 апта болды. 2022-2023 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 18,5 сағат, жылдық 647,5 сағат, 2-класта – апталық 23 сағат, жылдық 828 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 900 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 900 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1116 сағат, 8-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық 1152 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1188 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 32 сағат, жылдық - 1152 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық - 1152 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 35 сағат, 2,3,4 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 36 сағат берілген.

5,6,7,8- сыныптарда – апталық 0,5 сағат, жылдық – 18 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 36 сағат, 10 және 11 сыныптарда апталық – 3 сағат, жылдық- 108 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылына Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348, 23.09.2022ж №406(өзгерістер енгізілген) бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-қосымшасы, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасы, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» 3-тарауында «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары» сақталған.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 18,5 сағат, жылдық 610,5 сағат, 2-класта – апталық 22 сағат, жылдық 748 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 8-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық 1088 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық - 1088 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 33 сағат, 2-сыныпта- апталық 2 сағат, жылдық-68сағат,3,4 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат берілген.

5,6,7,8- сыныптарда – апталық 0,5 сағат, жылдық – 17 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 10 және 11 сыныптарда апталық – 3 сағат, жылдық- 102 сағатты құрайды.

2024-2025 оқу жылы Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348, 23.09.2022ж №406 (өзгерістер енгізілген) бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-қосымшасы, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасы, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» 3-тарауында «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары» сақталған.

2024-2025 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 18,5 сағат, жылдық 610,5 сағат, 2-класта – апталық 22 сағат, жылдық 748 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 8-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық 1088 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық - 1088 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 33 сағат, 2-сыныпта- апталық 2 сағат, жылдық-68сағат,3,4 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат берілген.

5,6,7,8- сыныптарда – апталық 0,5 сағат, жылдық – 17 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 10 және 11 сыныптарда апталық – 3 сағат, жылдық- 102 сағатты құрайды.

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылының қаңтар айының 23 күні 1 сыныпқа Мендіғали Раяна Ерболқызы басқа мектептен ауысып келді.

2023-2024 оқу жылында білім алушы Мендіғали Раяна Ерболқызын Ақтөбе облыстық ПМПК-ның бақылауынан өткізуге ұсыныс жасалды. Мендіғали Раяна Ерболқызы «есту қабілетінің нашарлауы, ақыл ойдың артта қалуының бірінші деңгейі» диагнозымен тіркелген ПМПК-ның 04.08.2023 жылғы шығыс №25847 қорытындысы бойынша Мендіғали Раяна Ерболқызына жалпы орта білімнің, бастауыш білімінің бейімделген бағдарламасы бойынша оқу ұсынылды. Еңбекту ЖОББМ мектеп директорының 01.09.2023жылы ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыға педгогикалық психологиялық қолду туралы №188 бұйрығы шығарылды. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбек ақы төлеудің жаңа үлгісі №1193 қаулысына сәйкес 2 класс оқушысы Мендіғали Раянаны оқытқаны үшін 2 класс мұғалімі Рахметоваға БЛА-дан 40% қосымша ақы төленді. Пән мұғалімдері инклюзивті оқыту бойынша базалық курстан өтті.Мектеп психологы мен әлеуметтік педагог ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыға жоспар жасап, жұмыс жүргізді. Мендіғали Раяна Республикалық ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Шексіз шығармашылық» байқауының «Қазақстан – менің алтын бесігім» номинациясы бойынша қатысып, халықаралық «Пони» палитра байқауына қатысып, сертификат алды.

Еңбекті әлеуметтік қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің сараптама бөлімінің 2023 жылдың 9 қазан айында №3309877 қорытындысы бойынша мүгедектігі туралы анықтама берілді. Бұйрық№26 26.06.2024 жылы Ақтөбе облыстық арнайы мектеп интернат колледжіне ауысуына байланысты мектеп контингентінен шығарылды.

Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Kundelik.kz» журналы арқылы тексерілді. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған.

Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-қосымшасының, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасының, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-қосымшасының «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» 3-ші тарауында белгіленген талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша әр сыныпта оқушылар саны 20 дан аз болғандықтан сыныпты екі топқа бөлу қарастырылмаған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2022 жылы 23 қыркүйек №406 бұйрығымен өзгертулер енгізілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-қосымшасының 3-тарауының 43-тамақшасына сәйкес көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлінген.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- сыныпқа қабылдау, 10-сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2022 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2022-2023 оқу жылының басында 58 оқушы. (8-ші сыныпқа 1 оқушы 4-ші тоқсанда келді.) Оқу жылының аяғында 59 оқушы болды. 1- сыныпқа 5 оқушы, 10- сыныпқа 4 оқушы қабылданған. 9 сыныптан 6 оқушы, 11 кластан 4 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған.

2023-2024 оқу жылында 56 оқушы.1- сыныпқа 4 оқушы, 10- сыныпқа 6 оқушы қабылданған. 9 сыныпқа 7 оқушы, 11-кластан 4 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған

2024-2025 оқу жылында 56 оқушы. 1 сыныпқа 5 оқушы, 10 сыныпқа 7 оқушы қабылданды. 9 сыныптан 7 оқушы, 11 сыныптан 6 оқушы мектеп есебінен шығарылды.

Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

5.Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

Мектептің 1985 жылы ашылған.Жалпы ауданы- 517,8 ш/м. Мектеп ғимараты 60 орынға арналған. Оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдары болғандықтан мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Мектеп 2023 жылы күрделі жөндеуден өткізілді. 2024 жылыдан бастап көгілдір отынмен жылытылады.

Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған.

4. Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер.

Төлқұжатталған жаңа үлгідегі химия, биология, әмбебап, физика кабинеттерімен жабдықталған. Жаңа үлгіде толық жабдықталған кабинеттердің көлемі: физика- 31,8 м², химия- 43,3м²; биология- 45,6 м²; әмбебап 27,5м².

Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика, әмбебап кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орындары бар. Сонымен қатар бастауыш сынып, тарих-география, тілдер, информатика, мектеп алды даярлық сыныбына арналған кабинеттер бар. Ақпараттық-есептеу техникасы кабинетінде компьютерлік үстелдерді периметр бойынша орналастырылған. Барлық кабинеттер жаңа оқушы үстелімен, шкафтармен жабдықталған.

Мектепте оқу кабинеттерінің жабдыкталу көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал жабдықтар, физика, биология, химия, информатика шкафтар, стендтер және т.б. зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде панелді тақтамен, бейнепроектормен жабдықталған. Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютерлермен (ноутбуктармен), мобильді құрылғылармен толық қамтамасыз етілген

Дене тәрбиесі пәніне қажетті шаңғы-8; доптар (баскетбол, волейбол, футбол) -5, Футбол қақпасының сеткасы-1, ракета-2, эстафеталық ойындар үшін фишка-23; маты-8, турник-1; мостик-1; арқан-1, кегли-3, гимнастикалық қабырға-8; тоғызқұмалақ -2, шахмат-2, табло счетный-1, шайбо-1 спорттық жабдықтармен жабдықталған.

Қосалқы кабинеттер; мамандар кабинеті-1, директор-1, медкабинет-1, кітапхана-1
АКТ зал мен Спорт зал жоқ.

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер;

1-4 сынып оқушылары үшін шкафтар саны 2 дана, 32 оқушыға арналған.

Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны- 14, мектеп ішінде-7, мектеп сыртында -7; Бейнебақылау жазбасы 30 күн сақталады.

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Медициналық кабинет бар. Ақтобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Әйтеке би аудандық ауруханасы» КММ тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған. Лицензияның номері № 10624DD. Берілген уақыты 07.11.2019ж. Мерзімі шектеусіз. Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте дәрілер салатын құрал-жабдықтарға арналған шкаф, 1 кушетка, 1 ширма, бикс-1, тоңазытқыш-1 т.б құралдар бар. Медициналық кабинетте қажетті алғашқы жәрдем көрсететін дәрі-дәрмектері бар. Кабинетте балаларды есепке алу (переписи) журналы, екпенің жылдық (сандық) журналы бар.

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтобе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылдық округі, Еңбекту ауылы, Н.Әлдекешов көшесі, №3	Лицензия №10624DD 07.11.2019ж. /Медициналық қызмет бөлімінде көрсетілген/	Келісім шарт №2 13.02.2023жыл. Жалпы көлемі 16,6 Мерзімі 13.02.2023- 13.02.2025ж. Келісім- шарт №2 14.02.2025ж. Жалпы көлемі 16.6. Мерзімі: 14.02.2025- 31.12.2028ж

edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер;

Домендік атауды тіркеу бойынша қызметтер көрсету шартымен edu.kz аймақтағы деректерге орналастырылған.

Мектеп сайты: enbekty.aitekebi.edugov.kz. мектеп электронды поштасы: EnbektuJOBVM@yandex.kz

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін мектептің кіреберісінде пандус бар

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Мектепте типтік 12 орынға арналған асхана бар. Асхана екі бөлмеден тұрады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына ((ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 № 490 Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды).

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан 1 оқушысы тамақпен қамтамасыз етілген. Бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзір бойынша бір балаға шаққанда 539,39 теңге көлемінде тамақтандырылады. ҚРБЖҒ министрінің 2022ж қағидаға енгізілген өзгерісі негізінде 108-1. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты 06.12.2021 жыл, №D.01.X.KZ78VWF00054432. Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер «Кеншинбаева Г.Р.» көрсетеді. Келісім шарт №37205-О-ЭТП, берілген уақыты 04.07.2023ж.

Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен-жайы	Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, кафе)	Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні мен нөмірі)	Ескертпе (тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылдық округі Еңбекту ауылы Н.Әлдекешов көшесі №3	Асхана 11,60 м²	№D.01.X.KZ78VWF00054432 06.12.2021 жыл	ЖК»Кеншинбаева Гүлан» жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/сериясы 09915, №37205-О-ЭТП/ келісімшарттар бөлімінде көрсетілген/

6.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 18,22 шаршы метр. Оқу залы жоқ, отыратын орындар саны -6, Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектепте штаттық кесте бойынша бір кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапханашы: Сырлыбаева Ж.С. Білімі:арнаулы орта:Мамандығы: «Кітапхана ісі Бітірген оқу орыны:Ақтөбе мәдениет училищесі 1993ж. Еңбек өтілі 23 жыл. Ақтөбе облыстық педагогикалық Өрлеу орталығы «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» 03.02.-14.02.2025ж. 80 сағат. Сертификат №0873673.

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры- 3802; Оның ішінде: Оқулық-2775;

Қазақ тілінде- 2385; Орыс тілінде-308; Ағылшын тілінде-82.

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы – 18,22 шаршы метр; Оқу залы жоқ. Оқулықтар қоймасы жоқ. Баалалар кітапхана жобасы аясында бұрыш жасақталған.

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Кітапханашыға-1 компьютер

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Зерделеу нәтижесі бойынша мектепте 16 компьютер, 15 ноутбук, 1-компьютерлік кабинет жұмыс жасап тұрғаны анықталды. 2 компьютер, 15 ноутбук интернетке қосылған.

Оптикалық-талшықты интернет желісі жүргізілген. Мектеп бойынша 2- нүкте арқылы Wi Fi қабылдау-тарату қондырғысымен жабдықталған оқу ғимаратындағы барлық кабинеттен интернетке қосылу мүмкіндігі қарастырылған. Интернет жылдамдығы 50 Мб/с. «КІТ-2017»ЖШС -мен 26.03.2024ж. №96 келісім шарт жасалған.

7.Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2022-2023 оқу жылында 9 сыныбында 6 оқушы, 11 сыныпта 4 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілген. Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 –сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныбында 7 оқушы, 11 сыныпта 4 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 1 оқушы және жалпы орта білім бойынша «Алтын белгі» аттестатына 2 оқушы ие болды.

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 –сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2022-2023 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Облыстық білім басқармасынан жіберілген комиссия мүшелері онлайн бақылады. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. «Алтын белгі» иегерлері 2023-2024 оқу жылында 11- сынып оқушылары Ондасынқызы Ә., Избасарова Ф. барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, Алтын белгілерін растаған.

2024-2025 оқу жылында. 9 сынының 7 оқушысы, 11 сыныптың 6 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілді. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 1 оқушы ие болды.

Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

P/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9 кл	2.06.2023	Қазақ тілі	Жазбаша	6	0	3	3	-	50%	Бегалина С.Е.
2	9 кл	6.06.2023	Алгебра	Жазбаша	6	1	3	2	-	66,6%	Токин Н.А.
3	9 кл	9.06.2023	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	6	3	1	2	-	66,6%	Келдібай А.С.
4	9 кл	13.06.2023	Қазақстан тарихы	Ауызша	6	1	3	2	-	66,6%	Ажиев М.Н..
1	11 кл	5.06.2023	Қазақ тілі	Жазбаша	4	2		3	-	50%	Бегалина С..
2	11 кл	8.06.2023	Алгебра және анализ бастамалары	Жазбаша	4	1	1	2	-	50%	Токин Н.
3	11 кл	12.06.2023	Қазақстан тарихы	Ауызша	4	2	2		-	50%	Ажиев М.Н..
4	11 кл	15.06.2023	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	4		1	3	-	25%	Сапиева Н.К..
5	11 кл	19.06.2023	Биология	Жазбаша	4		2	2	-	50%	Избасаров А.А.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары»ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2023-2024 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

p/c	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9 кл	29.05.2024	Қазақ тілі	жазбаша	7	1	5	1	-	85,7%	Бегалина С.Е.
2	9 кл	3.06.2024	Алгебра	жазбаша	7	2		5	-	28,5%	Токин Н.А..
3	9 кл	6.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	7	2	4	1	-	85,7%	Иманғалиева Н.С.
4	9 кл	10.06.2024	Биология	жазбаша	7	1	2	4	-	42,8%	Избасаров А.А..
1	11 кл	28.05.2024	Қазақ тілі	жазбаша	4	2	2		-	100%	Бегалина С.Е..
2	11 кл	31.05.2024	Алгебра және анализ бастамалары	жазбаша	4	2	2		-	100%	Токин Н.А..
3	11 кл	4.06.2024	Қазақстан тарихы	ауызша	4	2	2		-	100%	Ажиев М.Н..
4	11 кл	7.06.2024	Орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша	4	2	2		-	100%	Иманғалиева Н.С..
5	11 кл	11.06.2024	Биология	жазбаша	4	2	2		-	100%	Избасаров А.А..

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары»ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2024-2025 оқу жылындағы мемлекеттік емтихан қорытындысы:

P/с	Класс	Күні	Пәні	Түрі	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Мұғалімі
1	9	29.05.2025	Алгебра	Жазбаша	7	1	3	3	-	57%	Токин Н.А..
2	9	02.06.2025	Қазақ тілі	Жазбаша	7	1	4	2	-	71,4%	Бегалина С.Е..
3	9	05.06.2025	Қазақстан тарихы	Жазбаша	7	1	6		-	100%	Ажиев М.Н..
4	9	10.06.2025	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	7	2	3	2	-	71,4%	Иманғалиева Н.С..
1	11 кл	30.05.2025	Қазақстан тарихы	Ауызша	6		6		-	100%	Ажиев М.Н..
2	11 кл	04.06.2025	Алгебра және анализ бастамалары	Жазбаша	6		4	2	-	66,6%	Токин Н.А..
3	11 кл	09.06.2025	Қазақ тілі	Жазбаша	6	1	5		-	100%	Бегалина С.Е..
4	11 кл	12.06.2025	Биология	Жазбаша	6		4	2	-	66,6%	Избасаров А.А..
5	11 кл	16.06.2025	Орыс тілі мен әдебиеті	Жазбаша	6		5	1	-	83,3%	Иманғалиева Н.С.

Барлық пәндер бойынша **50 пайыздан** жоғары білім сапасын көрсетіп отыр. Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Зерделеу барысында: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2022-2023 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz, 2023-2024,2024-2025 оқу жылында сынып журналдарындағы бағалау bilimclass акпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған.

Токсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Мектеп бойынша әр тоқсан сайын мектеп директорымен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11-сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «сыналды» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету).

Мектепте инклюзивті білім алатын оқушы жоқ.

4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Талдау нәтижелері: Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9-сыныптардан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу офлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шәкілімен айқындалды. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта 100%, 9-сыныпта 85,7%, Тестілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 100 %-дан жоғары, яғни сәйкес келеді.

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респондентердің сауалнамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2025 жылдың 26.05-02.06 аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын- 4, 9 кластарға сабақ беретін 20 – педагогі тізім бойынша 100% қатысып, 99,99 % сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп, 4, 9-сыныптардың білім алушыларынан 100% қатысып, 78,75% көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 4-баллға сәйкес келді және олардың ата-аналарының (заңды өкілдеріне) 8-і қатысып (4,9 класта да баласы бар 2 ата-ана) 100% қатысып, оның 97,2% білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5-балға сәйкес деп бағаланды.

4-9 сынып білім алушылармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	7	3		
2	Менің сүйікті заттарым бар (егер солай болса, қайсысы)	8	2		
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	8	2		
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	7	3		
5	Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	7	3		
6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	6	4		
7	Мен мектепте жиі шаршаймын		1	4	5
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп			10	
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	5	5		
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	5	5		
11	Мен өз құқығымды білемін	9	1		
12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	4	3	3	
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	6	4		
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	4	4	2	
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	8	2		
16	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді? (Бірнеше жауап нұскаларын көрсетуге болады, сабақтар қызықсыз, мұғалімдердің әділетсіздігі, балалар арасында қорқыту, көптеген үй тапсырмасы, мектептердің материалдық жағдайы және т. б.)			3	7
	Барлығы:	52,5%	26,25%	13,75%	7,5%

4,9 сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан оқушы саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	10	52,5%	26,25%	13,75%	7,5%
78,75%-4 балл					

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	Келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	8			
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	7	1		
3	Мектеп сапалы білім береді	8			
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	3	5		
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	4	2	2	
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	3	5		
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	3	5		
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	5	3		
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	6	2		
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	7	1		
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	5	3		
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	7	1		
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	5	3		
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз	7	1		
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	6		2	
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	5	3		
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	2	6		
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	5	3		
	Барлығы:	66,67%	30,55%	2,78%	0%

4,9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы					
№	Қатысқан ата-ана саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	8	66,6%	30,55%	2,78%	0%
97,2%-5 балл					

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтермен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	Келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	16	4		
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	12	8		
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	10	10		
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	10	10		
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	11	9		
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	8	12		
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	10	10		
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	11	9		
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	13	7		
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	6	14		
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	9	11		
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	5	15		
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	11	9		
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	11	9		
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	9	11		
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	18	2		-
Барлығы:		53,13%	46,86%	0%	0%

1-9 сынып білім алушыларына сабақ беретін педагогтерге жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	20	53,13%	46,86%	0%	0%
		99,99%-5 балл			

9.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1.Іс тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отырысымен шектелген.

2. Пән мұғалімдері инклюзивті оқыту бойынша білімін жетілдіру курстарынан өткізілуі қажет.

3 Педагог әдебі мұғалімнің мінез- құлқы мен сөйлеу мәдениетінен бастап, шәкірпен және әріптестерімен қарым- қатынас деңгейін көрсетеді, әрбір ұстаз өзінің кәсіби міндетін терең сезініп, жауапкершілігін адал атқаруы тиіс.

Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған.


2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;


3. Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды. Пән кабинеттері толық жабдықталып, қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.

4.ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.

Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.


5.«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ «Еңбекту ЖОББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.


Комиссия төрағасы:  Калмурзина Балгул Тугиркызы мектеп директоры


Комиссия мүшелері:  Махамбетова Бакытгуль Абдировна. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

 Байниязова Айнур Сагидуллаевна директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 Рахметова Гүлсара Балымбетовна бастауыш сынып мұғалімі

 Токин Нұрбақыт Аманкельдиевич Математика пәнінің мұғалімі

 Тұғырова Гүлнұр Абдоллақызы әлеуметтік педагог

 Рамбаева Рысгуль Сериковна мектеп директорының шарушылық ісі жөніндегі орынбасары